

«Сейфуллин оқулары – 18: « Жастар және ғылым – болашаққа көзқарас» халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18: « Молодежь и наука – взгляд в будущее» - 2022.- Т.ІІ, Ч.І. – С.115-117

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНДА ІРІ ҚАРА МАЛ ТЕЙЛЕРИОЗЫН ЕМДЕУ

Назарқұл Н., 5 курс студенті С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан

Тейлериоз Оңтүстік Қазақстан шаруашылықтарының рентабельділігіне орасан зиян келтіретін малдың табиғи-ошақтық протозоозы. Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облы- старында көктемгі-жазғы кезеңде малдың осы аурумен залалдану деңгейі, орта есеппен, 70%- ды құрайды [1]. Жас мал тейлериозының жедел клиникалық ағымы ағзаның өмірлік маңызды жүйелерінің бұзылуына, кахексияға және өлімнің жоғары деңгейіне әкеледі. Қазіргі уақытта тейлериозды алдын-алу үшін вакциналар қолданылмайды, алайда тейлериоздың таралу аймақтарында бір айдан екі жасқа дейінгі жас жануарларға малдың басым бөлігін қамти отырып, химиотерапия жүргізіледі. Бұл протозоозды емдеу үшін тейлериоцидті препараттарды, мысалы, бигумаль, делагил, метронидазол, окситетраци- клин және т.б. қолданып, терапияның әртүрлі схемалары ұсынылады [2, 3]. Сондықтан, мал тейлериозын емдеу технологиясын дамыту ветеринариялық медицинаның өзекті мәселесі болып табылады.

Осы жұмыста Қазақстанның оңтүстігіндегі жеке шаруашылық жағдайында ірі қара малдың тейлериозын емдеудің жаңа схемасының тиімділігін сынау нәтижелері сипатта- лады.

Материал және әдістер. Тәжірибе Түркістан облысы Шәуілдір ауданының фермерлік шаруашылығында 2021 жылдың мамыр-маусымында ірі қара малдың тейлериозының энзоотиялық өршуі кезеңінде ұйымдастырылды. Протозооз диагнозы клиникалық көрсеткіштер (депрессия, дене қызуының көтерілуі, лимфа түйіндерінің ұлғаюы) және Романовский-Гимза бойынша қан жағындыларын микроскопиялық зерттеу негізінде рас- талды. Эксперимент тейлериаларды өздігінен жұқтырған 18 жас малға жүргізілді, олар аналогтар принципі бойынша әрқайсысы 9 бастан тұратын тәжірибелік және бақылау топтарына бөлінді.

Тәжірибелік топтың төлдерін схема бойынша емделді: бірінші күні 5%- buparvaquone (бұлшықет ішіне 1мл/20кг), 20%-окситетрациклин дигидраты (бұлшықет ішіне 1мл/10кг), 10%-бутафосфан (тамыр ішіне 10-25 мл/жануар), В12 витаминінің ерітіндісі (көктамыр ішіне 6 мкг/кг), 20%-бутафосфан

(тамыр ішіне 10-25 мл / жануар), кофеин-натрий бензоаты (тері астына 0,04 мл/кг), 0,9%-натрий хлориді (тамыр ішіне 400-2000 мл/жануар), 10% - аскорбин қышқылы (тамыр ішіне 0,25 мл/кг), 10%-кетопрофен (тамыр ішіне 0,03 мл/ кг), чемерица тұнбалары (ішке сумен, 10-15 мл). Екінші күні: кофеин-натрий бензоаты, NaCl, аскорбин қышқылы, кетопрофен, чемерица тұнбалары; үшінші күні-buparvaquone, B12 витамині, кофеин-натрий бензоаты, натрий хлориді, аскорбин қышқылы, кетопрофен және чемерица тұнбалары қолданылды, ал төртінші күні жоғарыда көрсетілген дозада бутафосфан және аскорбин қышқылы енгізілді.

Бақылау тобындағы жануарларды емдеу ұсынылған схема бойынша жүргізілді: бутафосфан (бұлшықет ішіне 1 мл/20 кг, 48 сағат аралықпен 2 есе); авициклин (бұлшықет ішіне 1 мл/10кг, бір рет); 20%-кофеин-натрий бензоаты (тері астына 0,04 мл/кг, қатарынан 3 күн); B12 дәрумені (6 мкг/кг тері астына, 48 сағат аралықпен 2 есе); 10%-натрий хлориді (0,5 мл/кг көктамыр ішіне, 24 сағат аралықпен 2 есе); 10%-аскорбин қышқылы (0,25 мл/кг көктамыр ішіне, 24 сағат аралықпен 2 есе) [5].

Емдеу басталған сәттен бастап 25 тәулік аралығында жануарларға күнделікті клиникалық бақылау жүргізілді. Терапия схемаларының тиімділігі тейлерияның клиникалық белгілерінің жойылуы, дене температурасының қалыпқа келуі және зертханалық зерттеулердің нәтижелері бойынша бағаланды (қан жағындыларында тейлерияның болмауы).

Нәтижелер және талқылау. Емдеу басталғанға дейін малдың екі тобында лимфа түйіндері үлкейіп, дене температурасы жоғары (39.0-41.5 °C), паразитемия микроскоптың бір көру аймағында 52-128 тейлериялар мен шизонттарды құрады, тәбеттің болмауы, бұлшықет дірілдері, депрессия, жануарлардың жүрек-тамыр және ас қорыту жүйелерінің клиникалық көрсеткіштерінің бұзылуы байқалды.

Екі топта да емдеу әдістерін қолдану нәтижесінде барлық малда тейлерия энзоотиясына дейінгі табынға тән клиникалық жағдай қалпына келді. Дегенмен, уақыт бойынша екі топта жануарлардың клиникалық және микроскопиялық көрсеткіштерінің қалпына келу жылдамдығы әртүрлі болды.

Атап айтқанда, тәжірибелік топта ауру жануарлардың жалпы клиникалық жағдайының қалпына келуі (температураның қалыпқа келуі, тәбет, паразитемияның 3-6 шизонт пен тейлерияға дейін төмендеуі) 10-12-ші күні байқалды; 15-18-ші күні қан жағындыларында бірен-саран паразиттік элементтер болды, ал 21-25-ші күні малдың бастапқы салмағы қалпына келді, жануарлар тейлериялардан толығымен босатылды.

Сонымен, тәжірибелік топ жануарларын емдеу режимі ауру малдың салыстырмалы түрде тез қалпына келуін қамтамасыз етті.

Екінші бақылау тобында жануарлардың клиникалық жағдайының қалпына келу процесі ұзақ уақытқа созылды: мысалы, 15-18 күн ішінде

паразитемия қан жағындыларында шизонт пен тейлериялар саны 4-9 арасында сақталды, жас жануарлар салмағының қалыпқа келуі баяулады, ал үш бастың жалпы әлсіздігі байқалды. Бұл топта 21-25 күн ішінде бірен-саран жануарлардың қызыл қан жасушаларында тейлериялар кездесті, ал бір жануар ауруға дейінгі дене салмағын қалпына келтірмеді. Сонымен, бұл схема жануарлардың тейлериоздан сауығуын қамтамасыз етті, бірақ жалпы клиникалық жағдайдың баяу қалпына келуімен (екі жағдайда 25 күнге дейін) сипатталды.

Қорытынды. Тейлериоздың алдын алуын ұйымдастыру кезінде ірі қара мал денсаулығы мен салмағын қалпына келтіру уақыты бойынша *butarvaquone* және окситетрацилинді қолданып емдеу схемасы, буталекс пен авицилинді пайдалануға салыстырғанда, тиімді болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Кожабаев, М. Современное состояние эпизоотической ситуации по тейлериозу крупного рогатого скота на юге Казахстана / М. Кожабаев, М. А. Бердикулов, Ш. Каратаев // Сб. тр. КазНИВИ. –2007. – Т. LIII. – С. 267-270.
3. Altug N., Yuksek N., Keles I. et al. Efficiency of Various Supportive Treatments as A Cure for Anaemia in Cattle with Theileriosis// Thai Journal of Veterinary Medicine. – 2014. – V.44 (3). – P.287-286
4. Абдулмагомедов, С. Ш. Эффективность далагила при тейлериозе крупного рогатого скота / С. Ш. Абдулмагомедов, А. Ю. Алиев // Ветеринарная патология. – 2019. – № 3. – С. 21-25.
5. Патент 2008/0991.1. Способ лечения тейлериоза крупного рогатого скота / М. А. Бердикулов. – Оpubл. 12.2010, Бюл. № 12.